

## «Your Sound by Visa Toyla» акциясын өткізу ережелері

### 1. Жалпы ережелер

1.1. Осы «Your Sound by Visa Toyla» акциясын өткізу Ережелерімен (бұдан әрі-Ережелер) жеңімпазды анықтау, жүлдені тапсыру тәртібін қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей, «Your Sound by Visa Toyla» акциясын (бұдан әрі-Акция) өткізу тәртібі, шарттары айқындалады.

1.2. Акция лотерея немесе құмар ойын болып табылмайды және оны кез-келген құмар ойын түрінде орындала немесе пайдалана алмайды.

1.3. Акция Метро Орталық бульвары 900, Фостер Сити, Калифорния, АҚШ мекенжайы бойынша орналасқан «Виза Интернэшнл Сервис Ассошиэйшн» серіктестігімен (бұдан әрі – Серіктес) өткізіледі.

1.4. Акцияны ұйымдастырушы 050020, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Рубинштейн көшесі, 48 мекенжайы бойынша орналасқан "SEED AD" ЖШС, БСН 010240000038, (бұдан әрі – Ұйымдастырушы) болып табылады.

### 2. Ережелер мәтінінде қолданылатын терминдердің анықтамасы

2.1. Қатысуға өтінім - осы Ережелердің 4.2-тармағында көрсетілген әрекеттер.

2.2. Жеке басты куәландыратын құжат - жеке куәлік, Қазақстан Республикасы азаматының төлқұжаты;

2.3. Акцияға қатысушы - 18 (он сегіз) жасқа толған, ҚР азаматтығы бар, осы Ережелердің 4.2-тармағында белгіленген шарттарды орындаған және осы Ережелердің барлық талаптарына сәйкес келетін жеке тұлға.

2.4. Жеңімпаз - осы Ережелерде көрсетілген тәртіппен Қазылар алқасының дауыс беру қорытындылары бойынша ең көп балл жинаған Акцияға қатысушы.

2.5. Қазылар алқасы - Ұйымдастырушы осы Ережелерде көрсетілген тәртіппен Акция Жеңімпазын бағалауды, іріктеуді және айқындауды жүргізуге уәкілеттік берген тұлғалар.

### 3. Акцияны өткізу кезеңі

3.1. Акцияны өткізу кезеңі: 12.06.2024 жылдың сағат 10:00 бастап 30.06.2024 жылдың Астана уақыты бойынша 23:59-ге дейін.

3.2. Акцияны өткізу мерзімдері мен кезеңдері:

- Өтінімдерді қабылдау: 12.06.2024-30.06.2024 жылды қоса алғанда.
- Модерация және жеңімпазды таңдау: 01.07.2024-05.07.2024 жылды қоса алғанда

- Жеңімпаз туралы хабарландыру: 06.07.2024 жыл
- Жеңімпаз 2024 жылдың 13 шілдесінде келесі мекенжай бойынша өтетін «Toyla music festival empowered by Visa» атты іс-шарасында сахнада өнер көрсетуге мүмкіндік алады: "Первомайский пруды" белсенді демалыс паркі, Алматы облысы, Іле ауданы, Ашибұлақ ауылдық округі, Мұхаметжан Түймебаев ауылы, Промзона, 116 учаскесі.

3.3. Ұйымдастырушы кез келген уақытта Акцияны өткізу мерзімдерін, жүлде қорын және шарттарын толықтыруға және/немесе өзгертуге, сондай-ақ өз қалауы бойынша Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында тыйым салынбаған тәсілмен бұл туралы хабардар ете отырып, Акцияны өткізуді тұтастай немесе бір бөлігінде тоқтатуға, тоқтата тұруға, күшін жоюға құқығын өзіне қалдырады. Елеулі өзгерістер туралы ақпарат [www.visa.com.kz](http://www.visa.com.kz) веб-сайтта орналастырылады.

### 4. Акцияға қатысу шарттары

4.1. Акция Қазақстан Республикасының аумағында өткізіледі.

4.2. Осы Ережелердің 3.2-тармағында көрсетілген Акцияны өткізу кезеңінде Қатысушылар оған келесі шарттарды орындай отырып қатыса алады:

- Instagram платформасында @visakz\_official және @toylafestival парақшасына жазылу

- өзіңіздің авторлық әнінің орындалуы туралы бейне жазу және Instagram платформасында өз парақшаңызға пост немесе Reels жариялау
- @visakz\_official және @toylafestival аккаунтарын белгілеу
- #YourSoundbyVisaToyla хэштегін қою.
- бейнені жариялау кезінде парақша ашу, сонымен қатар Акция аяқталғанға дейін парақшаны ашық ұстау.

4.3. Акция шарттарына сәйкес келмейді:

- 4.2-тармақшада көрсетілген Акцияға қатысу Шарттарын орындамаған тұлға;
- Осы Ережелердің 3.2-тармағында көрсетілген мерзімдерден кейін жіберілген өтінімдер.
- Акцияны өткізу басталған сәтте 18 жасқа толмаған тұлға.
- Бұрыннан бар шығармалардың кавері болып табылатын әндер.
- Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын тұлға.
- Ұйымдастырушы немесе Серіктестің қызметкері;
- Ұйымдастырушымен және/немесе Серіктесімен ерекше қатынастармен байланысты тұлға, оның ішінде Ұйымдастырушының және/немесе Серіктестің үлестес тұлғасы.

4.4. Қазылар алқасының уәкілдерімен Акцияны өткізу қорытындысы бойынша 2024 жылғы 6 шілдеде Акцияның Жеңімпазы айқындалатын болады.

## 5. Акция Жеңімпазын анықтау тәртібі

5.1. Акция Жеңімпазы жарияланған күні: 2024 жылдың 6 шілдесі Instagram платформасындағы @visakz\_official және @toylafestival парақшаларында.

5.2. Қазылар алқасының құрамын Ұйымдастырушы айқындайды, судьялардың ең аз саны – 3 (үш).

5.3. Жеңімпаз жарияланғаннан кейін, Акцияны Ұйымдастырушы байланыс деректерін алу үшін Instagram платформасында жеңімпазбен Direct арқылы байланысады.

5.4. Акцияны Ұйымдастырушы Жеңімпаздың Алматы қаласына келуіне және Акция Жеңімпазының «Toyla music festival empowered by Visa» іс-шарасының өту уақытына келуіне байланысты барлық шығындарын өтейді.

## 6. Авторлық және пайдалану құқықтары

6.1. Акцияға Қатысушылар өздері жұмыс жасау үшін пайдаланған барлық материалдар кез келген үшінші тараптардың авторлық және мүліктік құқықтарын бұзбайтынына және үшінші тараптардың өз жұмыстарына қатысты кез келген талаптары конкурсқа тиісті қатысушыларға жіберілетініне келіседі. Ұйымдастырушы конкурсқа қатысудан үшінші тараптардың авторлық материалдары заңсыз пайдаланылған кез келген жұмысты алып тастай алады. "Your Sound by Visa Toyla" байқауына жіберілген барлық жұмыстардың авторлығы қатысушылардың қолында қалады. Байқауға қатысу үшін жұмысты жасау және беру арқылы қатысушылар Ұйымдастырушыға өз жұмыстарын кез келген нысанда молайтуға, түрлендіруге, жариялауға шектеусіз құқық береді.

6.2. Акция жеңімпазы фото және / немесе бейне түсірілімге қатысуға келісім береді.

6.3. Акция Жеңімпазының жеке басын куәландыратын құжатты ұсынбауын, фото және бейне материалдарды жариялауға келісімге қол қоймауын Ұйымдастырушы және/немесе Серіктес Ұйымдастырушы және/немесе Серіктес жауапты болмайтын Акцияға қатысудан бас тарту ретінде қарайтын болады.

## 7. Басқа шарттар

7.1. Қатысушының Акцияға қатысу фактісі оның осы Ережелермен танысуын және осы Ережелерге сәйкес Акцияға қатысуға келісімін білдіреді.

7.2. Акцияның Серіктесі мен Ұйымдастырушы Акция шарттарын орындау үшін Акцияға қатысушы шеккен шығындарды және кез келген басқа шығындарды өтемейді және шығынның орнын толтырмайды.

7.3. Ұйымдастырушы біржақты тәртіппен Акцияның Ережелері мен шарттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге құқылы. Акцияның Ережелері мен шарттары өзгерген жағдайда Ұйымдастырушы Акция шарттарын Серіктестің (<https://www.visa.com.kz/>) Интернет-ресурсында және / немесе Серіктестің әлеуметтік желілерінде жаңа редакцияда орналастыру арқылы бұл туралы Акцияға Қатысушыларды хабардар етеді.

7.4. Акцияға Қатысушы Ережелерге өзгерістер мен толықтырулар енгізуді өз бетінше қадағалауға міндеттенеді.

7.5. Егер Қатысушы Акция шарттарын сақтамаса және/немесе алаяқтық әрекеттер жасаса және/немесе Акция шеңберінде Қатысушыларға берілетін қандай да бір артықшылықтарды және/немесе көтермелеулерді теріс пайдаланса және/немесе жаңылыстыратын немесе Ұйымдастырушыға мәліметтер дұрыс емес ақпарат берсе, Ұйымдастырушы біржақты тәртіппен Акцияға Қатысушылардың қатарынан кез келген қатысушыны ескертусіз алып тастауға құқылы.

7.6. Егер қандай да бір себептермен Акцияның кез келген аспектісі жоспарланғандай жүргізілмесе, оның ішінде рұқсатсыз араласу, бұрмалау, техникалық ақаулар және Ұйымдастырушының бақылауынан тыс, Акцияның орындалуын, қауіпсіздігін, адалдығын, тұтастығын немесе тиісті түрде өткізілуін бұрмалайтын немесе оған қатысты себептер болса, Ұйымдастырушы өз қалауы бойынша Акцияны өткізуді жоюы, тоқтатуы, өзгертуі немесе тоқтата тұруы мүмкін.

Кімге: «SEED AD» ЖШС-ға

## ӨТІНІШ

Осымен, мен, \_\_\_\_\_, ЖШС

\_\_\_\_\_ - «Your Sound by Visa Toyla» Акциясын өткізу шарттарымен танысқанымды растаймын, сондай-ақ оның шарттарымен келісемін;

- Акцияға, оның ішінде радио мен теледидарға және өзге де бұқаралық ақпарат құралдарына қатысу туралы жарнамалық сұхбаттарға қатысуға немесе графикалық жарнамалық материалдарды дайындау үшін түсіруге келісемін, ол үшін менің бейнемді пайдалануға өз келісімімді беремін;

- мен Акцияны Ұйымдастырушы болып табылатын "SEED AD" ЖШС қызметкері емес екенімді растаймын.

- мен Серіктестің қызметкері емес екенімді растаймын;

- жұмыс жасау үшін пайдаланылған материалдар кез келген үшінші тараптардың авторлық және мүліктік құқықтарын бұзбайтынын растаймын.

- Ұйымдастырушы мен Серіктестке өз жұмыстарын кез келген нысанда молайтуға, түрлендіруге, жариялауға шектеусіз құқықты беретінімді растаймын.

Акция Жеңімпазы:

Т.А.Ә. \_\_\_\_\_ қолы \_\_\_\_\_

Күні: